

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
№4(40)**

Алматы, 2012

В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫ ӨСІРГЕН ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ОРТА

Р.Б. Әбсаттаров – *филос.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың*

саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,

Т.Ж. Қалдыбаева – *ғ.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың*

саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Түйін

Әлеуметтік-философиялық ғылымдарда толыққанды зерттелмеген Ш.Уәлихановтың дүниетанымының дамуына, әлеуметтік-саяси ортаның қалыптасуына әсер ететін мәселелер қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы влияния социально-политической среды на формирование и развитие мировоззрения Ш.Валиханова, которые еще в социально-политической науке недостаточно изучены.

Summary

In article questions of influence of the socio-political environment on formation and development of outlook of Sh.Valikhanov which else in socio-political science are insufficiently studied are considered.

Қазақ халқының дана ұлы Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы адамзат өркениетінде өз өшпес орнын тауып, оған өзіндік қайталанбас үлесін қосып үлгерген тарихи тұлғалардың бірі. Бүгінгі уақытта «Адамзат» деп аталатын әлемдік дүние алыпбарушылары 7 миллиард жанға жетіп отырғанымен оның «ересектер» деп аталатын құрылымына енетіндердің бәрі адамзат өркениетін жасаушы емес. Керісін-ше, оның елеулі бөлігі өзінің кесірлі мінез-құлығы мен соған сай іс-әрекетімен адами өркениеттілікті тежеушілер, бұзып-жарушылар, адамдыққа қарсы қозғалыстар жасаушылар. «Адам» деп аталып, табиғи жаратылыстың ең жоғары құрылымы өкілі болып өмірге келгенімен оны бәрі адамзат игілігін жасаушы, жасампаз емес. Эраның жиырма бірінші ғасырына аяқ басып отырғанымызбен адам өмірінің әлеуметтік, саяси мәніне ой жүгіртіп, адами тіршілік жасауды басым көпшілігі әлі де үйреніп, тіршілі-гінің дағдысына айналдырып үлгерген жоқ.

Өскелең жас ұрпаққа білім, тәрбие беріп, алдыңғыларының жасап игілігін бергенін қалпында сақтап және оны жаңа сапалы дәрежеде дамытуға баулу ісі тарихи құбылысқа айналған. Алайда барлық ұрпақ оныда өз деңгейінде, өз мәнінде алып, өзі және айналасындағы әлеуметтің ізгілікті игілігі үшін ұқсата бермейді. Сағым-дүниенің, бақа да алдамшы елестердің соңына есі кеткенше түсіп, бей-берекетсізкіпен өмір сүріп, ақыры жарық дүниемен өкінішпен қош айтысушылардың саны азаяр емес. Яғни, Жер плане-тасының үлесіндегі «өркениет» деп аталатын әлеуметтік, саяси мәндегі құбылысты жасаушы субъектілер басқаларынан әлдеқайда алда, биік тұрған тұлғалар – адамгершілігімен, білімділігімен, парасаттылығы-мен, ізгіліктілігімен алда тұрушылар. Ондай тұлғалар өміртіршілігі тек олардың өзінікі емес, ол өмір сүрген ортасынікі, оны қоршаған әлеуметтікі,

саясаттікі, қоғамынікі, адамзаттікі. Дегенмен, барлығыда анадан туғанымен, бір табиғи және әлеуметтік кеңістікте өмірін бастап, көпшілік бұқарамен бір ауа жұтып, бірдей су ішіп ересейгенімен осындай ерекше жандарды қандай әлеуметтік-саяси қатынастар тудырады, оның ерекше тұлғалық қасиеттері қайдан пайда болады? Мәңгі сұрақ. Халық та, ғылыми, әлеуметтік-саяси орта да оған өзінше жауап беруде және заман өзгерген сайын оның жауабы да өзгеруде. Басты жауап – «дамытушы қоршаған әлеуметтік-саяси орта». Қазақта «өскен орта», «құда не көрсең ұшқанда соны аларсың», «ортасына қарап адамын таны», «баланы жастан, асылды тастан» сияқты білім берушілер көп сөзбен түсіндіріп бола алмай жүргенді орнына қондыра қоятын мақал-мәтелдер бар. Біздіңше, «өскен ортаның» қазақ даласының ұлы перзенті Шоқан өміртіршілігіне тікелей қатысы бар. Қалайша аз өмір сүріп, салыстырғанда ұзақ ғұмырлылардың, тіпті барлық ғалымдардың қолынан келе бермейтіндей тамаша интеллектуалдық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени, саяси мұра қалдырып үлгерді? Қандай әлеуметтік-саяси орта осындай тұлғаны қалыптастырды, оның ішкі дүниесінен тыс жатқан қандай құбылыстар оны осышама тез арада есейтті, қандай тұлғалар бала, жасөспірім және жас Шоқанға осылай-ша шыңдап шығарды? Қандай факторлар жас тұлғаның әлеуметтік, саяси және психологиялық серпілісін тудырды? Шоқанның саяси көзқарастары мен шығармашылық шыңын қарастырудан бұрын осы сұрақ-тарға жауап алғымыз келеді. Оның жауаптарының тәжірибелі ғалым және ағартушы офицердің саяси-әлеуметтік құбылыстарына да алып келері даусыз.

Шоқан көпжақты ғылыми, саяси таным объектісі болып келді, бола да береді. Әрбір жаңа ұрпақ әлеуметтік-саяси уақыт ағымына сай өзінше жауап іздеуі, өзінше бағалауы мүмкін. Бірақ бәріне ортақ бір заңдылық бар. Ол – шындық. Шоқан өмір сүрген әлеуметтік-тарихи, саяси уақыт шындығы, халқының адал ұлының өміртіршілігі туралы шындық. Біз үшін бұл шындықтар алдымен жас дарынның қалдырған мұраларын арнайы зерттеуші ғылыми орталықтар мен ғалымдардың жинап-терген әлеуметтік-саяси фактілерінде жатыр. Соның бірі – академик А.Х. Марғұлан редакциялауымен жазылып шығарылған «Шоқан Валиханов. Избранные произведения» атты 1958 жылы жарық көрген кітабы.

XIX ғасырдың 30-40-шы жылдары, қазақ даласы Патшалық Ресейдің құрамды құрылымы болғандықтан, дала тіршілігі үшін де күні кете бастаған феодалдық-патриархалдық ескі құрылымдар өзгеріске түсе бастаған. Оның басты көрінісі ретінде хандық биліктің орнына жаңа әкімшілік жүйенің енгізілуін айтуға болады. Қазақстанның солтүстік-шығыс территориясында Сібір казактарының шекаралық басқармасы құрылып, оның орталығы Омск қаласы болып бекітілді. Жаңа басқарма құрамына кейінгі Солтүстік-Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Палодар, Семей, Шығыс Қазақстан аймағы (облыстары) және Қостанай аймағының (облысының) бір құрамды территориясы енді. Кейін Шекаралық басқарма орталығы Омбы және Семей қаласы болып табылатын Сибирь казактарының екі аймақтық басқармасы болып қайта құрылды. Бұдан біз тек территориялық-әкімшілік емес, отарлаушылықтың, патшалық Ресей үшін бұрата-на халықтарды бағындырып, уысында ұстап отырудың берік жүйесі болғанын көреміз. Билік саясатын дала төрінде іске асырудың басты құралы болған казактар мен жергілікті қазақ халқының қарама-қайшылықты арабайланысы аталға жүйе шеңберінде жалғасып жүріп жатты.

Шоқанның әулеті ертеден ақ қоғамның саяси өміріне тереңнен енген отбасылық орта болған. Оған дәлел-үлкен әкесінің әкесі Абылай хан болғаны. Үлкен әкесі Уали Орта жүздің соңғы ханы болған. Әкесі Шыңғыс 1811 жылы әулет қонысы болған Көкшетаудың Сырымбет қонысында өмірге келеді. Ағасы Габайдулла саяси мотивтермен жер аударылып, сол адарылудан аман қайтпай, қайтыс болған. Бұл жағдай хандар шаңырығынан шыққан ақсүйек жігіттің патшалық билік саясатымен келіспеген тұстарының болғаны, билік шеңберінің ішінде болғанымен отбасы субъектілерінің жас жігіттің өмірін аман сақтап қалуға дәрменсіз болуы туралы болжам жасауға негіз береді. Шыңғыстың әкесі Уали қайтыс болғанда баласының әлі 7 жаста болуына байланысты әулет билігі Уалидің жесірі Айғанымның үлесіне көшеді. Білімді, ақылды және бірнеше Шығыс тілдерін білген жоғары мәдениетті Айғаным мемлекеттік істерге араласа отырып, өзінің орнықтылығымен және іскерлігімен байқалды. Ол өзінің басқарушылық тұлғасына, Патшалық Ресейдің қазақ даласындағы саясатының оны мен солын айыра білетіндігімен тек өз төңірегіндегі биліктің қана емес Орталық биліктің де назарын өзіне аудара алған тұлға. Орыс мәдениеті-не, саясатына ден қоя отырып, сол кездегі қазақ даласына аяқ басқан ғалымдарға, зерттеушілерге көмек, қолдау жасап отырған. Осындай ой мен істің иесі және болашақты жан-жақты бағдарлай алған Айғаным ана ұлы Шыңғысты 1827 жылы Сібір

әскери училищесіне оқуға береді. Училищені оқып аяқтаған Шыңғыс Құшмурун округіне «аға сұлтан» әкімшілік қызметіне тағайындалып, осы қызметі барысында полковник чиніне дейін көтерілген [1].

Ол, жалпы іскер, алғыр, білімге құмар азамат болған. Әртүрлі жұмыстармен Аманқарағай даласына келіп-кетіп жүрген орыс оқымыстыларымен жақсы арақатынаста болған және олардың арасында құрмет-ке ие азамат. Шыңғыс 1834 жылы Чорман бидің қызы Зейнепке үйленеді. Ал 1835 жылдың күзінде Сырымбеттегі ақ орда мен Обаған даласында және Аманқарағай округінде дүбірлі той болып өтті. Оның басты себебі Мұхамед-Қанапия аталған Шыңғыстың ұлының өмірге келуі еді. Ол халқы арасында өз беделімен ерекшеленген Айғаным әженің немересі әрі, он үш жасынд елді аузына қаратқан Шорманның жиені [2]. Шыңғыс отбасы Айғаным анамен тығыз байланыста болған. Айғаным әжесі немересі тәрбиесі-мен өзі шұғылданды. Бұл отбасының төңірегінен ақын-жыраулар, билер, әншілер үзілмейтін. Әкесінің достары – декабристер, ғалымдар, жалпы алғанда, орыс зиялылары бұлардың жиі қонағы және өздерін еркін сезінетін ортасы болатын. Алғыр баласына алғаш рет сурет салуды өз әкесі үйретсе, Аманқарағай округінде топографиялық жұмыстар жүргізуші орыс инженерлері осы бір сүйкімді және қызығашылығы ерекше бала үшін оны жалғастырды. Жалпы алғанда Шоқанның балалық шағы әжесі Айғанымның аялы алақаны, ақыл-ой ықпалымен тікелей байланысты. Оған қоса балаға бағытты, бағдарлы тәрбие беруді жөн көрген отбасы шешімімен өмірлік тәжірибесі мен даналығы мол Ықлас би оның арнайы келісілген тәрбиелеушісі болған. Әжесінің еркелетіп қойған аты бойынша – Шоқан (Мухаммед-Канафия) өзінің балалық шағын аристократтық, әлеуметтік-саяси және білімдік-мәдени деңгейі биік және кең кеңістікті ортада өткізді. Оның ой-өрісі өзін қоршаған мейірім мен даналық кеңістігінде өрбіді. Жас Шоқанның өмір жолы мен оның әлеуметтік-саяси ұстанымдарының қайнар көзі осы бір әлеуметтік-саяси арабайланыстар кеңістігі екені ешбір күмән тудырмайды. Оған қоса күнделікті өмірі өтіп жатқан табиғи ортаның да кереметін атап айтпауға болмайды. Көкшетау өңірінің орманды алқабы, қазақ даласының жауһары болып табылатын кеңістігі, жасыл жазираның ғажап ландшафы тұнып тұрған төңірек... 1834 жылы осы аймақта Аманқарағай округы ашылды.

Саяси-әлеуметтік ғылымының дамып қалыптасуы барысында оның әлеуметтік-географиялық бағыты да негізделген болатын. Бағыт авторлары француздық Поль Ле Бланш пен неміс ғалымы Рудольф Штейнмец қоршаған табиғат пен адамдардың физиобиологиялық және әлеуметтік-экономикалық тіршілігі арасындағы тығыз байланыстыққа зор мән берген еді. Олардың басты идеясы да адамды қоршаған географиялық ортаның тұлғаның қалыптасуына зор әсерімен байланысты. Қоршап жатқан территориялық-географиялық орта мен климат адамның тек физиобиологиялық, физиопсихологиялық антропологиялық құбылыстарына ғана емес, бастысы, мінез-қылығының, әлеуметтік-саяси тұлғасының қалыптасып дамуы-на өз ықпалын тигізеді. Егер осы тұрғыдан келтін болсақ, Шоқанның адами антропологиялық тұрпаты мен тұлғалық кескін-келбетіне Көкшетау өңірінің, оның туып-өскен территориялық ортасы Сырымбет пен Құшмурунның табиғатының бергені аз болмаған. Қазақстан жері мен табиғи ортасының әсем де сәнді жерұйығы. Оған қоса оның айналасындағы ересектердің әдеби-музыкалық таланттылығы, аңыз-әңгімеле-рің таусылмас көзі екендігі мәдени және әлеуметтік-мәдени антропологияның да жас талант жанынан табылғаны оның халықтық рух пен танымнан жас кезінен бастап сусындағанын байқатады. Адами және табиғи-жаратылыстық мәдениеттердің үйлесімділігі зерек, талапты жасты өсірген орта. Бұл факторлар-дың Шоқанның өміртіршілігіндегі атқарған ролі мен орнын ерекше екенін есте ұстамасқа болмайды.

Шоқанның арнайы білімге бет бұруы да сол заманғы қазақ даласына жаңа келіп ене бастаған зайырлы-лық сипаттағы мектептердің жұмыс істей бастауымен, алдыңғы қатарлы қазақ аристократтарының білім мен ғылымға ден қоя бастаған уақытымен тұспа тұс келеді. Шоқан орыс тілінде білім алу мен қатар сол уақыттың бірен-саран білімділеріне тән болған білімдік-мәдени дәстүр рухында бірнеше шығыс тілдерін игерді. Шығыс әдебиеті мен поэзиясынан сусындады. Зерек және сезімтал бала Уалихановтар отбасына жақын жүрген орыс геодезист-суретшілерінен сурет салу өнерін үйренді. Бұл өнер кейін өскен және офицер Шоқанды тек мәдени-әлеуметтік, саяси зерттеуші ғана емес, зерттеу құбылыстар туралы мәлімет-терін өзінің бейнелеу өнері арқылы толықтырушы, қарындаш ізімен сөйлетуші, деректеуші ретінде де танытты. Ол жастайынан өзінің туған өлкесін тереңнен қызықтап танып өсті, танымдық қызығушылығы оны жасынан саяхатшылыққа баулыды. Осының бәрі, түптеп келгенде, сегіз қырлы жас тұлғаны тудыр-ды. Аз өмір сүріп, көп іс тындырып үлгеруге мүмкіндік берді, интеллектуалдық-танымдық рухын дамыт-ты, ол үшін ізденімпаздық табиғи құбылысқа айналды*.

Дарын, талант Шоқанның болашақ саясаткер және ағартушы, зерттеуші ғалым ретінде қалыптасып

дамуында орыс-қазақ басшы әкімшілік ортаның арабайланысы мен қазақ және орыс халқының сол замандағы арабайланысының ықпалы зор болған. Шоқан әулетіне жергілікті халықпен арабайланыстың өзіндік ықпалды байланыстырушысы ретінде қараған бірқатар орыстың оқыған білімді азаматтарының, әкімшіліктің кейбір өкілдерінің қазақ халқы мәдениеті үлгілеріне қызығушылық тудыруында елеулі ықпал етуші фактор болды деуге негіз бар. Мысалы, Ә.Марғұнанның редакциялығымен шыққан Шоқанның таңдамалы шығармалары туралы кітапта архив материалдарына негізделіп жазылған төмендегідей ақпарат бар: «Шоқанның бала кезінде әкесінің аулында көптеген білімді адамдар болып тұрған, мысалы, Н.Ф. Косылецкий, Н.И. Дабшинский және Казань университетінің шығыс факультетін бітірген Т.Сейфуллин... Бізге дейін сол уақыттағы Сібір қазақтарының Шекаралық комиссиясының бастығы полковник Ладыженскийдің хаты жеткен. Ол хатта Ладыженский Шыңғыстан қазақтың халық поэзия-сын, ертегілерін, аңыздарын жинап беруді сұрайды. Ладыженский хаты Шоқан әкесіне қатты әсер қалды-рады. Ол өз жанына таңдаулы ақындарды, жырауларды шақырып, сол уақытта сауат таныған ұлының көмегімен қазақ өлеңдері мен аңыздарын жазып алып, оны Омскіге жіберіп отырған [3].

Бұл құжаттың бізге беріп отырған әлеуметтік фактілері Көкшетау өлкесінің шығыстанушы ғалымдар мен қазақ даласының мәдениетін, тіршілігін танып білуге ден қойған білімді үкімет қызметкерлерінің назарын өзіне ерекше аударған өңір болғандығын ұғынамыз. Оның үстіне, Шоқанның өз әкесінің антро-пологиялық, этнографиялық зерттеулерге тікелей қатысушы болғанын, оған бала Шоқанды қатынасты-рып қызықтырғаны. Бәрінен де қызықтысы, жас дарынның ерте сауаттанып қана қоймай, жинақталған ақпаратты қағазға өз қолымен түсіре бастағаны. Қағазға түсіру дегеніміз алдымен оның не екенін қанша-лықты болсада ұғыну, ой елегінен өткізу, жазғанының дұрыстығына көз жеткізу. Мұның өзі шығармашы-лық қызмет қой! Осыдан кейін офицер Шоқанның антропологиялық, этнографиялық, саяси-әлеуметтік зерттеулерге деген қызығушылығы мен зерттеу шеберлігіне таң қалудың өзі артық. Ертеден көзін таным-

**Осыдан соң тәрбие мен білімнің өзара тығыз байланыстығына, тек екеуінің жарасымды үйлесімділігінің ғана дарындары тудыра алатынына сеніміңіз арта түсді. Дарынды жасынан тәрбиелеудің тамаша үлгілерінің қазақ даласында да болғанын, оның Шоқан сияқты өркениет элитасын тудырғанын мақтан етесің. Шоқанның, Абайдың тұлғаларына қарап қазақ даласы әжелерінің әлеуметтік бейнесі мен даналығын да ерекше бір қоғамдық-тәрбиелік құбылыс ретінде қарастырғың келеді. Қазақ даласының осынау әлеуметтік-антропологиялық, әлеуметтік-арабайланыстық дәстүрі мен тәлімінен қазіргі қазақ ортасы айрылып қалмаса екен деген ойға тоқталасың.*

-дық дағдымен ашқан жас ғалымның өмірден, халық дәстүрінен алған деректеріне көпжақты жүйелілік тұрғысынан, тарихи-әлеуметтік, саяси-әлеуметтік тұрғыдан қарап талдауларының өзі бала жасында көңіліне тоқып, санасына салып сараптауға бағдарланған мәдениетімен тікелей байланысты.

Шоқан әулетінің қонақжайшылығы, білімді, ғылымды, өнерді меңгерген, ізденімпаз адамдарға деген сый-құрметі өзіне назар аудартпай қоймайды. Бұл кез келген сол уақыттағы қазақ ауқаттыларына, әкімшілік ішінде жүрген қазақ шенді-шепенділерге, билікке жақын жүрген белсенділердің бәріне ортақ қасиет деп те айта алмайсыз. Әлеуметшілдік, қоршаған ортаға жақын болу, жақсыны тани білу және құрметтеу сияқты өскен орта үлгісінің өскелең жанның ішкі мәдениетін, саяси дүниетанымын қалып-тастыруда өзіндік орны болғаны сөзсіз.

«Дала» деп аталып кеткен қазақтың өзінің әлеуметтік-мәдени пейіліндей кең территориялық-географиялық, саяси кеңістігінің жүрегінен шығып аспанына көтерілген дара тұлғасы жеті жасында әкесі Шыңғыс аштырған қазақ мектебіне барады. Бірақ ол, жоғарыда атап өткеніміздей, бұл жасында сауат танитын, сурет салатын, білімді ересектер арасында өзін еркін ұстайтын, зерттеуге деген ішкі мәдени сұранысы ояна бастаған бала болды. Мектепке баруы оның балалық шақтан, ол үшін ерекше жемісті жасөспірімдік және ересектік тіршілікке ентелеп енудің бастамасы болды. Зерттеушілер деректеріне қарағанда Шоқан ел ішіндегі әрқелкі әлеуметтік-саяси мәні бар істерге де жастайынан араластырылған. Әкесінің баулуы бойынша халықтың тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын бақылап

бағдарлауға да ерте бастан назар салып ден қоюға бейімделген. Айталық, С.Ө. Өтениязовтың «Шоқанмен қайта кездесу» кітабында келтірген деректері бойынша, әкесі оны 9 жасында жесір дауына байланысты мәселені қарас-тырып шешу ісіне бір топ зиялылармен бірге жібереді. Ел ішіндегі мәселелерді танып білуге, оны зейіні-мен танып зерделеуге бағдарлаған әке қамқорлығы мен талапкерлігін дәлелдейтін деректің жалғыз бұл еместігі күмән тудырмайды. 12 жасында Омбы қаласына білім алуға аттанған Ш.Уалихановтың даланың әлеуметтік және басқа да жағдайына қанық болуы кездейсоқтық емес.

Осыдан кейін «біз қазіргі балаларды қалай тәрбиелеудеміз» деген ой еріксіз сананды соғып, сенің өзінді «тергей» бастайды. Қазіргі заманғы ата-аналар арасында қалыптасып қалған әдеттің бірі сол, олар өзінің не беруге тиіс екенін, бергенін саралап жатпайды, ал баладан өз көңіліндегі көргісі келетін биіктер-дің бәрін сұрайды. Оның өзінде, кімнің көңілінде не бар екені де көп жағдайда жұмбақ болып қала береді, себебі баласы үшін көрінетін өрістің өзі ата-ананың тар немесе кең өрісімен тікелей байланысты. Әрине, уақыт басқа. Шоқан қазақ даласына келген алғашқы «мектеп» деген мекеменің есігін ашса, қазір әрбір қазақстандық баланың қазіргі заманғы толық орта білім беретін мектебі білімін аяқтауға құқы да, мүмкін-дігі де бар. Алайда әр бала сол мүмкіндікті толыққанды пайдаланып қалғысы келе бермейді. Неге?

Шоқан 1847 жылы 12 жасында Омбы қаласының Кадет корпусына оқуға түседі. Бұл сол уақыттағы оқытушылары және білімінің сапасы мен көпжақтылығымен белгілі болған таңдаулы оқу орны болатын. Әскери пәндермен қатар кадеттіктер тарихты, әдебиетті, жаратылыстану пәндерін, философияны, өнер пәндерін және шет тілдерін оқыды. Француз тілімен қоса түркі тілдері де оқытылды. Сол уақыт үшін, яғни, ХІХ ғасырдың ортасы, елдің орталық оқу орны емес, Сібір төріндегі қаладағы осындай сапалы білім институтының қызметі өзіне елеулі қызығушылық пен құрмет тудырады. Әрине біз осында болашақ офицерлердің даярланатынын, олардың Патшалық Ресейдің мемлекеттік саясатын, оның ішінде отаршылдық саясатын іске асырушылардың даярланғанын білеміз. Сонымен қатар кадет корпусының сапалы білім беріп қана қоймай, прогресшіл ұстаздардың қазақ даласынан келген таланттың дарынын қатесіз танып, оның бойына жинап үлгерген тамаша білімдік, танымдық, адамдық қасиеттерін одан әрі жандыра білген ұстаздар оларға деген құрмет пен ризашылық тудырмай қоймайды. Шоқанның өзінің өскен ортасынан жинаған негіздерін олар лаулатып жаға білді. Шынайы ұстаз қай уақытта да ұстаз. Тағы бір назар аудартпай қоймайтын шындық – ұстаздары арасында саяси, демократиялық көзқарасына байланысты Сібірге жер аударылған білімді және қайсар тұлғалардың болуы. Солардың қатарында жас талантты тани білген, өздеріне жақын тартқан, прогресшіл ойшыл, әдебиетші В.П. Лободовский мен ғалым Гоневкий бар.

Шығыс тілдері мен ғылымына жас дарынның қызығушылығын өршіте түскен ұстаздың бірі Қазан университетінің Шығыс факультетін бітірген Ф.Н. Костылецкий. Ол қазақтың халықтық поэзиясына қызығушы Ресей ғалымдарының бірі және оны жинақтауға кадет жастары мен және қазақ жастарын баулып, бағдарлап, оларға практикалық нұсқаулар берген азамат. Бұл ісінде ғалым тікелей Шоқанның да көмегіне сүйенген. Оған дәлел ретінде аталған «Избранные сочинения» кітабының 24 бетінде [4] келтірілген Баян-аул, Аягөз, Көкшетау уезінің біраз жастарының өздері жинақтаған материалдарын Н.Ф. Корыстылевқа тапсыра отырып, оған зор ризашылық білдірген хаттары туралы ақпарат.

Өзіне біздің назарымызды аудартпай қоймайтын фактінің бірі – терең білімді тарихшы Гонсевскийдің ғылымға ізденімпаз жастарды баулығаны. Оның қоғамдық қозғалыстар тарихы туралы лекциялары алғыр және өрісті жастарға зор ықпал етіп, ой тастайтын. Тарихшы ұстаз Ресейлік демократиялық ой-пікірлерге жақын жүретін және тәуелсіз еркін ойларымен кадет оқушыларымен бөлісетін. Ол Шоқанға әкелік сүйіспеншілік таныта отырып ұстаздық етті және оны қоғамдық азаттық қозғалыстардың тарихымен, өзінің саяси түсініктерімен және көзқарастық ұстанымдарымен таныстырды. Тағлым берген тамаша ұстаздары Шоқанды тек ғылымға, білімге ғана қызықтырып қана

қоймай, оның демократиялық, саяси көзқарасын шындай түсті. Адамдардың қаналуы, саяси озбырлық, теңсіздік, әлеуметтік әділдік пен әділсіздік туралы түсінігі кеңіді, әлеуметтік және саяси көзқарасы айқындала түсті.

Жаз айында ауылға – Сырымбетке оралған шақтарында Шоқан халық арасына шығып өлеңдер, аңыздар, ертегілер жазып ала жүріп, қарапайым халықтың жай-күйімен жақын танысуға мүмкіндік алды. Зерттеушілерде сирек кездесетін оның ерекше қабілеті болды. Ол көзі көріп көңіліне тоқыған өмір шындығын қарындашпен суреттеп қағазға түсіріп алатын (зарисовка). Зерттеушілік қабілеті мен әлеуметтік сезімталдығы оны шынайы өмірге, көпқырлы өмірлік құбылыстарға жақындата түсті, танымдық қызығушылығына нақтылық сипат берді. Шоқанның сезім мүшелерінің көмегімен (көру арқылы түйсіну-ді) шындықты танып білу қабілеттілігі мен әдісін қазіргі әлеуметтік-саяси ғылымында «ғылыми бақылау» әдісі деп атайды. Бұл әдіс зерттеу алаңының өзінде, зерттеушінің тікелей активті қатынасуымен, танымдық әдістердің бірнеше тәсілдерін бірдей іске қоса отырып, зерттелуші құбылыс туралы терең және жан-жақты шынайы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Өмірдегі шынайы құбылыстарың дәл қазіргі кесіндемесін дәл, сол қалпында бейнелеп алуға көметеседі. Біздіңше, бұл қазіргі кез келген кәсіби даярланған зерттеушілердің қолынан келе бермейтін, ақылы да сыя бермейтін танымдық құбылыс.

Ш.Уалиханов 1847-1852 жылдардағы өзінің жазғы уақытта елде болғандағы суреттерін «Корпустан елге, отпускіге барғанда жазылған суреттер (зарисовкалар)» – деп атады. Шоқанның қарындашпен сурет салу өнері оның офицерлік қызыметі, географиялық саяхаттары кезінде жалғасын тауып, мазмұны жағынан баи түсті, зерттеушілік ғылыми қызметінің ажырамас құрамды бөлігіне айналды.

Аталған әдістер қазіргі уақыт зерттеушілері үшін ерекше үлгі, сабақ, танымдық объект. 21 ғасырдың зерттеушісі, әрине, қазіргі техниканы, озық технологияны қолдану арқылы шындықты кескіндейді, жазып, түсіріп алады. Алайда, оны өз қолындағы қарындашпен түсіріп кескіндеудің жөні бір басқа. Ол үшін көзбен көріп, көңілге түйгенді оның дәл өз мағнасында, мазмұнында сезіну, түйсіну қажет. Шоқан терең сезіну, түйсіну арқылы шындықты тек сырттай бейнелеп қойған жоқ, алдымен ой елегінен, үшкі түйсігінен, сараптамасынан өткізді, бағалады, бағдарлады. Алдымен санаға жазылды, содан кейін оның кейбір кескіндері қарындаш ұшына жан бітіріп, оны шығармашылық қозғалысқа келтірді. Оның танымдық қасиеттері мен әдістері негізінен арнайы мақалалар мен материалдар кеңінен қарастырылып жазылды деп ойлаймыз. Мүмкін, жоғары оқу орындарында Шоқанның зерттеушілік тәжірибесі туралы арнайы курс өткізуші жас талант ұстаздар да өсіп шығатын уақытта келер болашақта.

Қазақ даласы талантының ой-өрісі, мәдени антропологиялық қызығушылығы, қазақ халқы дәстүрлері туралы әңгімелері, өз қолынан шыққан суреттер баяндайтын көріністері кадет оқытушылары мен курстастарының да таңғалысын тудырып, олардың дала тіршілігіне деген қызығушылығын оятты. Оның сурттері қазақ өмірі туралы сырларды баяндады. Шоқанның тұлғалық бейнесі басқалардың оның туған халқына деген жылы сезімін тудырып, оларды «мәдениеті жоқтар», «бұратана» деген ұғымдармен өлшемдеудің жөнсіздігіне бағдарлай түсті.

Оқу аяқталып, әскери қызметтің басталуы жағдайында қызметкер Шоқан көптеген қайшылықтар мен қиындықтармен бетпе-бет келді, қиналып кеитін жағдайлар жиі кездесті. Оның ендігі ортасы патшалық өкіметінің отарлық саясатын іске асырушылар, тек қазақ халқы ғана емес, жалпы халық ортасынан алыс тұрған, оған тек тәккапарлықпен қарайтын «шаш ал десе бас алғыш», саясаты мен ісін орындауда асыра сілтеушілікке маманданған, білім мен мәдениетпен санаса бермейтін, қылмысшыл, бірбеткей офицерлер. Сондай адамдар арасында қызмет етіп, қызметінің жөні сондайларға бағынуға тура келді. Шоқан үшін бұл қиянат ортасына айналды. Олардың қазақ даласы кеңістігіндегі жемқорлығы, озбырлығы, отаршыл-дығы, әділетсіздігі оның жан дүниесін жаралады. Шоқанның ойы мен ақылының бұлар үшін керегі болмады. Сол себепті бұл ортадан алыстап кету жолдарын іздестіре

бастады.

Патша үкіметі Ресейге қосылып алынған территориялық-географиялық кеңістікті игеру саясатын жалғастырып жатты. Осы мақсатта ол территориялық кеңістікті жан-жақты зерттеуге әскерилер мен қатар ғалымдар, географиялық одақ зерттеушілері тартылды. Аталған мақсатты орындау үшін жергілікті халықтар ортасынан шыққан сауатты, білімі бар адамдар аса қажет еді. Орталықтың географиялық, этнографиялық және тарихи зерттеулері мен жергілікті халық арасында ағарту жұмыстарын жүргізуге қабілетті адамдарға зәрулік болатын. Осы жағдайда Шоқан олар үшін тағдырдың тартуы болды деуге болады. Экспедициялық зерттеулердің түпкі мақсаты патшалық саясатқа бағындырылғанымен жас ғалым-офицер үшін зерттеу жұмыстары, танымдық сапарлар оның көңілінен шығары анық. Осылайша оның бала кезінен арманына енген мәдени антропологиялық, әлеуметтік-тарихи, саяси зерттеулеріне жаңа өріс ашылды. Жаңа ғылыми танымдық өріс пен кеңістікке ол ресми тұлға, офицер чиніндегі зерттеуші ретінде енді. Оның зерттеушілік қызығушылығы мен қабілетінің, ой-өрісінің жан-жақтылығының, қалың халық ортасы психологиясы мен өнеріне деген құрметінің негізі оның бала кезінде қаланып, негізделіп қойылған еді.

1. Валиханов Ч. *Избранные произведения. Под ред. академика Академии наук Казахской ССР А.Х. Маргулана. –Алма-Ата, 1958. – С. 17.*

2. *Өтениязов С.Ө. Шоқанмен қайта кездесу. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 145-146 бб.*

3. Валиханов Ч. *Избранные произведения. Под ред. академика Академии наук Казахской ССР А.Х. Маргулана. – Алма-Ата, 1958. – С. 27.*

4. *Бұлда сонда. – С. 24.*

ЭТНО-ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ (КЕЙБІР ОЙЛАР МЕН ШҚІРЛЕР)

М.Н. Мусабеков – *Абай ат. ҚазҰПУ МЖДИ саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы*

Түйін

Мақалада ұлттық құрылымының ішіндегі нақты этникалық қоғамдастыққа тиістілігі, оның өкілдерімен сәйкестігі қарастырылады. Өзге де этникалық құрылымдардың өкілдерінен ерекшеліктері арқылы тұлғаны қалыптастыру үдерісіне және құндылықтарына көңіл бөлінген.

Резюме

В статье рассматриваются сходства представителей этнических общностей к национальному древу. Также уделено внимание особенностям представителей других этнических древ с их ценностями.

Summary

In article about nationalism meaning existence open society. About transformation ethnic nationalism and values, presence and changes in the nation undergoing only that who possesses a certain set of basic ethnic and cultural signs. Some estimates for judgment are given to compare value.